

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 4 ақпандағы № 68 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

" Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының келесі заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылдың 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., №16-17, 642-б; №23, 329-б; 2000 ж., № 3-4, 66-б; № 10, 244-б; № 22, 408-б; 2001 ж., № 23, 309-б; № 24, 338-б; 2002 ж., № 10, 102-б; 2003 ж., № 1-2, 7-б; № 4, 25-б; № 11, 56-б; № 14, 103-б; № 15, 138-б, 139; 2004 ж., № 3-4, 16-б; № 5, 25-б; № 6, 42-б; № 16, 91-б; № 23, 142-б; 2005 ж., № 21-22, 87-б; № 23, 104-б; 2006 ж., № 4, 24, 25-бб; № 8, 45-б; № 11, 55-б; № 13, 85-б; 2007 ж., № 3, 21-б; № 4, 28-б; № 5-6, 37-б; № 8, 52-б; № 9, 67-б; № 12, 88-б; 2009 ж., № 2-3, 16-б; № 9-10, 48-б; № 17, 81-б; № 19, 88-б.):

765-баптың 7 тармағындағы «заңнамасымен» сөзі «заңмен» сөзіне ауыстырылсын;

830-баптың 5 тармағының 4-1) тармақшасындағы «заңнамасымен» сөзі «заңмен» сөзіне ауыстырылсын.

2. 2001 жылдың 30 қаңтарындағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-б.; № 17-18, 241-б.; № 21-22, 281-б.; 2002 ж., № 4, 33-б.; №

17, 155-б.; 2003 ж., № 1-2, 3-б; № 4, 25-б; № 5, 30-б; № 11, 56, 64, 68-б.; № 14, 109-б; № 15, 122-б, 139; № 18, 142-б; № 21-22, 160-б; № 23, 171-б; 2004 ж., № 6, 42-б; № 10, 55-б; № 15, 86-б; № 17, 97-б; № 23, 139, 140-б; № 24, 153-б; 2005 ж., № 5, 5-б; № 7-8, 19-б; № 9, 26-б; № 13, 53-б; № 14, 58-б; № 17-18, 72-б; № 21-22, 86, 87-б; № 23, 104-б; 2006 ж., № 1, 5-б.; № 2, 19, 20-б; № 3, 22-б; № 5-6, 31-б; № 8, 45-б; № 10, 52-б; № 11, 55-б; № 12, 72, 77-б; № 13, 85, 86-б.; № 15, 92, 95-б.; № 16, 98, 102-б.; № 23, 41-б.; 2007 ж., № 1, 4-б; № 2, 16, 18-б.; № 3, 20, 23-б; № 4, 28, 33-б.; № 5-6, 40-б.; № 9, 67-б.; № 10, 69-б.; № 12, 88-б.; № 13, 99-б.; № 15, 106-б.; № 16, 131-б.; № 17, 136, 139, 140-б.; № 18, 143, 144-б.; № 19, 146, 147-б.; № 20, 152-б.; № 24, 180-б.; 2008 ж., № 6-7, 27-б; № 12, 48, 51-б.; № 13-14, 54, 57, 58-б.; № 15-16, 62-б; № 20, 88-б.; № 21, 97-б; № 23, 114-б.; № 24, 126, 128, 129-б.; 2009 ж., № 2-3; 7, 21-б.; № 9-10, 47, 48-б; № 13-14, 62, 63-б; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-б.; № 17, 79, 80, 82-б; № 18, 84, 86-б.; № 19, 88-б; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бағалау қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылдың 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы, 14 қараша 2009 жылы «Егемен Қазақстан» және 13 қараша 2009 жылы «Казхастанская правда» газеттерінде жарияланған, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне босқындар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2009 жылдың 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 12 желтоқсан 2009 жылы «Егемен Қазақстан» және «Казхастанская правда» газеттерінде жарияланған, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылдың 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 15 желтоқсан 2009 жылы «Егемен Қазақстан» және «Казхастанская правда» газеттерінде жарияланған, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылдың 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 15 желтоқсан 2009 жылы «Егемен Қазақстан» және «Казхастанская правда» газеттерінде жарияланған, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жалған кәсіпкерліктің жолын кесу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылдың 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 15 желтоқсан 2009 жылы «Егемен Қазақстан» және «Казхастанская правда» газеттерінде жарияланған, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылдың 11 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 25 желтоқсан 2009 жылы «Егемен Қазақстан» және 23 желтоқсан 2009 жылы «Казхастанская правда» газеттерінде жарияланған, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білікті заң көмегін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылдың 11 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 23 желтоқсан 2009 жылы «Егемен Қазақстан» және «Казхастанская правда» газеттерінде жарияланған, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылдың 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 16 қаңтар 2010 жылы «Егемен Қазақстан» және «Казхастанская правда» газеттерінде жарияланған:

168-3 баптың барлық мәтіні бойынша «жеке нотариустар» сөздері «ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен нотариалдық қызмет жасайтын нотариустар» сөздеріне ауыстырылсын.

3. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 31 тамыз 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің жаршысы) 1995 ж., № 15-16, 106-б. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1996 ж., № 2, 184-б.; № 15, 281-б.; № 19, 370-б.; 1997 ж., № 5, 58-б; № 13-14, 205-б; № 22, 333-б; 1998 ж., № 11-12, 176-б; № 17-18, 224-б.; 1999 ж., № 20, 727-б.; 2000

ж., № 3-4, 66-б.; № 22, 408-б.; 2001 г., № 8, 52-б.; № 9, 86-б.; 2002ж., № 17, 155-б.; 2003 ж., № 5, 31-б.; № 10, 51-б.; № 11, 56, 67-б.; № 15, 138, 139-б.; 2004 ж., № 11-12, 66-б.; № 15, 86-б.; № 16, 91-б.; № 23, 140-б.; 2005 ж., № 7-8, 24-б.; № 14, 55, 58-б.; № 23, 104-б.; 2006 ж., № 3, 22-б.; № 4, 24-б.; № 8, 45-б.; № 11, 55-б.; № 16, 99-б.; 2007 ж., № 2, 18-б.; № 4, 28, 33-б.; 2008 ж., № 17-18, 72-б.; № 20, 88-б.; № 23, 114-б.; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-б.; № 17, 81-б.; № 19, 88-б.):

50-баптың 4-тармағының 1-1) тармақшасындағы «заңнамасымен» сөзі «заңмен» сөзіне ауыстырылсын.

51-баптың 1-тармағының үшінші бөліміндегі «заңнамасымен» сөзі «заңмен» сөзіне ауыстырылсын.

4. «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2 шілде 2003 жылғы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2003 ж., № 14, 119-б.; 2004 г., № 16, 91-б.; № 23, 142-б.; 2005 г., № 7-8, 24-б.; № 14, 58-б.; № 23, 104-б.; 2006 ж., № 3, 22-б.; № 4, 24-б.; № 8, 45-б.; № 10, 52-б.; № 11, 55-б.; 2007 г., № 2, 18-б.; № 4, 28-б.; № 9, 67-б.; № 17, 141-б.; 2008 г., № 15-16, 64-б.; № 17-18, 72-б.; № 20, 88-б.; № 21, 97-б.; № 23, 114-б.; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-б.; № 17, 81-б.; № 19, 88-б.)

43-баптың 3-тармағының 3-1) тармақшасындағы «заңнамасымен» сөзі «заңмен» сөзіне ауыстырылсын.

«Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2009 ж., № 19, 87-б.):

1) 3-баптың 7) тармақшасында:

алтыншы абзацтағы «не құрылымдармен және кәсіпорындарды сатып алуға-сатуға» сөздер алынып тасталсын;

келесі мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын: «кәсіпорындарды сатып алуға-сатуға»

2) 4-баптың 1-тармағы келесі мазмұндағы екінші бөліммен толықтырылсын:

«Егер ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция шетел валютасында жасалса, сомманың теңгедегі эквиваленті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай операцияны жасаған күнге валюта айырбастаудың нарықтық курсы бойынша есептеледі.»;

3) 5-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы «сонымен қатар заңды мекенжай»;

4) 10-бапта:

бірінші бөлім «мемлекеттік және орыс тілдерінде» сөздерімен толықтырылсын;

2, 3 тармақтар келесі редакцияда берілсін:

«2. Қаржы мониторингіне жататын операция туралы мәліметтер мен ақпаратты қаржы мониторингі субъектілері уәкілеттік органмен бекітілген нысан бойынша уәкілетті органға ұсынады. Қаржы мониторингіне жататын операция туралы мәліметтер мен ақпараттар нысаны келесі бөлімдерден тұруы тиіс: кіріспе ақпарат, қаржы мониторингі субъектісі туралы мәлімет, қаржы мониторингіне жататын операция және операцияға қатысушылар туралы мәлімет.

Қаржы мониторингіне жататын операция туралы мәліметтер мен ақпараттар құжатты рәсімделіп, қаржы мониторингі субъектілерімен уәкілеттік органға ұсынылады:

1) Осы Заңның 3-бабының 1-тармағының 1) - 5), 10) тармақшаларымен көрсетілген – электрондық амалмен, операция жасалғаннан кейін үш сағаттан кешіктірілмей шетел валютасымен айырбастау операциясын ұйымдастыру болып табылатын қызметтің ерекше түрін атқаратын заңды тұлғалардан тыс байланыстың іріктелген арналарының көмегімен.

2) Осы Заңның 3-бабының 1-тармағының 6) - 9) тармақшаларымен көрсетілген, сонымен қатар электрондық амалмен немесе қағаз тасығышында оларды жасағаннан

кейін жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей – шетел валютасымен айырбастау операциясын ұйымдастыру болып табылатын қызметтің ерекше түрін атқаратын заңды тұлғалармен.

3. Қаржы мониторингіне жататын операция туралы мәліметтер мен ақпараттар ұсынылмайды:

1) адвокаттармен: анықтау, алдын ала тергеу органдарында, соттарда жеке және заңды тұлғалардың атынан өкілдік ету және оларды қорғау мәселелері бойынша консультация, түсіндіру, кеңес беру кәсіби заң білімін талап ететін шешімдердің мәселелері бойынша жазбаша қорытындылар, талап-арыз дайындау, шағым, және өзге де құқықтық сипаттағы құжаттар дайындауда заң көмегін көрсетуге байланысты алынған жағдайда;

2) нотариустармен: заң білімін талап ететін шешімдердің мәселелері бойынша консультация, түсіндіру түрінде заң көмегін көрсетуге байланысты.»;

5) 11-баптың 3-тармағы келесі редакцияда берілсін:

«3. Ішкі бақылау ережелері қаржы мониторингінің субъектілерімен тиісті мемлекеттік органдармен келісім бойынша уәкілетті орган бекіткен талаптарды ескере отырып, Типтік ережелердің негізінде әзірленеді, қабылданады және орындалады, және өздеріне қосуы тиіс:

Осы Заңның 4 –бабы 1-тармағында көрсетілген шарттар;

Осы Заңның 4 –бабы 2-тармағында көрсетілген қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция тізілімі;

Күдікті операцияларды анықтау критеріі;

өздерінің клиенттерін тиісті тексеру үшін қажетті құжаттар тізілімі;

өздерінің клиенттерін тиісті тексеру шаралары;

олармен корреспонденттік қатынас орнататын қаржы мониторингінің субъектілерімен банктер-корреспонденттерді тиісті тексеру шаралары;

Осы Заңның 13 –бабы 2-тармағында көрсетілген клиенттің операция өткізуден бас тартуы үшін негіздер;

Осы Заңның 13 –бабы 2-тармағына сәйкес клиенттің күдікті операциялары туралы уәкілетті органды міндетті ақпараттандыру бойынша шаралар;

Қаржы мониторингі субъектілерінің лауазымды тұлғаларының өздерінің клиенттерін тиісті теусеруге арналған идентификациялық деректер мен өзге ақпараттарға рұқсатты қамтамасыз ету;

Осы Заңның 5–бабы 3-тармағына сәйкес алынған ақпаратты сақтау мен қорғау тәртібін қамтамасыз ету бойынша шаралар;

заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы тартылған қаржы мониторингі субъектілерінің қызметкерлерін дайындау мен оқыту жүйесін ұйымдастыру бойынша шаралар;

лауазымды тұлғаларды тағайындауға, біліктілікке, дайындауға талаптар.»;

6) 12-бапта:

4-тармақтың 5) тармақшасы келесі редакцияда берілсін:

«5) тұлғаның Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын немесе олармен және Қазақстан Республикасымен тиісті халықаралық келісім-шарттар жасалған уәкілеттік органдармен терроризмге қарсы күрес жүргізетін халықаралық ұйымдармен жасалатын террористік ұйымдармен немесе террористермен байланысты ұйымдар мен жеке тұлғалардың тізілімінде болуы.»

келесі мазмұндағы бесінші тармақпен толықтырылсын:

«5. Аталған тізілме оларды кіргізуге негіз болған жағдайлардың әрекетін тоқтату туралы ақпараттың негізінде жүзеге асырылатын терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізілімінен ұйымды немесе жеке тұлғаны алып тастау. Сонымен бірге осы тізілім құқықтық статистика саласында өзінің уәкілеттілігінің шеңберінде статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік

органмен, сонымен қатар өзге мемлекеттік органдармен уәкілеттік органға ұсынылатын ақпаратқа сәйкес жаңартылады.»;

7) 13-бапта:

2-тармақтың үшінші бөлімі алынып тасталсын;

3-тармақ келесі редакцияда берілсін:

«3. Уәкілетті орган осы баптың 2-тармағының бірінші абзацында көрсетілген мәліметті алғаннан кейін, қаржы мониторинг субъектісімен ұсынылған мәлімет уәкілетті органмен жасалған талдаулардың қорытындысы бойынша негізді деп танылса оны алған сәттен бастап жиырма төрт сағаттың ішінде үш күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге күдікті операцияны жүргізуді тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы.

Күдікті операцияны тоқтату туралы немесе күдікті операцияны тоқтатуға қажеттіліктің жоқтығы туралы шешім уәкілетті органның бұйрығымен рәсімделіп, электрондық амалмен немесе қағаз тасығышында күдікті операция туралы мәлімет ұсынған қаржы мониторингінің субъектісіне жеткізіледі.

5-тармақ келесі редакцияда берілсін:

5. Уәкілетті орган күдікті операцияны жүргізуді тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап бес сағаттан кешіктірмей ақпаратты Бас прокуратураға ұсынады, ол жеткізуді есепке алумен ақпаратты уәкілетті органның күдікті операцияны жүргізуді тоқтату туралы мәліметті алған сәттен бастап сегіз сағаттың ішінде олардың құзыретіне сәйкес шешім қабылдауы үшін құқық қорғау органдарына жібереді.

Тиісті құқық қорғау органдары ақпарат алған сәттен бастап қырық сегіз сағат ішінде тиісті шешім қабылдауға және бұл туралы Бас прокуратураға және уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

Уәкілетті орган құқық қорғау органдарының тиісті шешімін алған сәттен бастап үш сағаттың ішінде қаржы мониторинг субъектісіне жеткізеді.»;

8) 16-баптың 5) тармақшасындағы «ақпарат жібереді» сөздері «жіберу үшін Бас прокуратураға ақпарат береді»;

9) 17-баптың 1-тармағы 2) тармақшасындағы «заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру белгілері» сөздері «осы Заңның 4-бабы 4-тармағымен белгіленген бір немесе бірнеше критерийлерге жауап беретін күдікті операция белгілері,» сөздеріне ауыстырылсын;

10) 18-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшада «Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен» сөздері алынып тасталсын;

3) тармақша алынып тасталсын;

2-тармақтың бірінші бөлімінде

3) тармақшада «ақпараттық жүйелер» сөздерінен кейін «және қорлар» сөздерімен толықтатылсын;

келесі мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) өзінің қызмет барысында алынған қызметтік, коммерциялық, банктік және өзге заңмен қорғалатын құпия болып табылатын ақпаратты тиісті сақтау, қорғау мен сақталу тәртібін қамтамасыз ету.»;

11) 19-баптың 2-тармағын келесі мазмұндағы екінші және үшінші бөлімдермен толықтырылсын:

«Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыру туралы ақпаратты беру сұрау салуда көрсетілмеген мақсатта пайдаланылмайтын шарттарда шетел уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша жүзеге асырылады, немесе уәкілетті органның алдын ала келісімісіз үшінші тұлғаларға берілмейді.

Шетел уәкілетті органдарына заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыру туралы ақпаратты беру Қазақстан

Республикасының ұлттық қауіпсіздік мүддесіне залал келтірмейтін жағдайда жүзеге асырылады.».

2-бап. Осы Заң 2010 жылдың 9-наурызында күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті